

Құрметті театр құмар қауым және Қазақстанның әуесқой театр артистері !

Қазақстандағы Гёте-Институт Республикалық драмалық неміс театрының қолдауымен биылғы жылы жастарға арналған «Неміс тілі сахнада» атты Театр фестивалін ұйымдастырады.

Театр фестивалі толығымен заманауи неміс драматургиясына арналады.

Фестивальға қатысу үшін біз мынадай шығармашылық тапсырмалар ұсынамыз:

1. Сіздер заманауи неміс театр қойылымдарының тізімінен бір пьесаны таңдап аласыздар, оны өз қалауларыңыз бойынша дайындай аласыздар. (шығармалар мәтінін [неміс және орыс тілінде] Анны Мельник ханымнан ала аласыздар[anna.melnik@almaty.goethe.org]). Фестивальға қатысу үшін Сіздерге таңдап алған шығарманың **неміс тіліндегі** нұсқасын дайындау керек.
2. Қойылым ұзақтығы **35- 40 мин.** аспау керек
3. Қойылымда Сіздер орындықтар пайдалана аласыздар (20-ға дейін .), сол сияқты өздеріңізбен бірге әкелетін реквизиттерді пайдалануға болады.
4. Сіздің топтың құрамы 8 адамнан аспауы керек (режиссёр, техниктерді қоса есептегенде).
5. Пьесаны таңдап және танысқаннан кейін бізге қойылымның қысқаша идеясы мен тақырыбын және қатысушылар туралы ақпарат жіберулеріңізді өтінеміз. Қатысушылардың аты жөні, ойнайтын ролі және суреті фестиваль бағдарламасына енгізу үшін қажет.
6. Қойылымға байланысты барлық сұрақтарды кеңесшіміз, Неміс театрының бас режиссері Наташа Дубс ханымға (ndubs@gmx.de) жолдаңыздар.

Фестивальға қатысу үшін **13 пен 20 жас аралығындағы** неміс тіліне қызығушылық танытқан **әуесқой театрдың жас артистерін** шақырамыз. Фестиваль жастарына қарай екі топта өткізіледі, 13-16 жас және 17-20 жас аралығында.

Театр фестивалі Алматы қаласында, **қараша айының 7 мен 10 аралығында** өтеді, нақты уақыты туралы қосымша хабар беріледі.

Фестивальға қатысу үшін өтінімдеріңізді **2016ж. 11- қыркүйекке дейін** Анны Мельник ханымға anna.melnik@almaty.goethe.org жіберіңіздер.